

## Іле ауданы елді мекендерінің шекарасын (шегі) өзгерту туралы

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 қарашадағы № 27-95 және Іле ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 23 қарашадағы № 11-1878 бірлескен шешімі мен қаулысы. Алматы облысы Іле ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 31 желтоқсанда № 2-10-105 тіркелді

*Р Қ А О е с к е р т п е с і .*  
*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-2 Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 108 бабының 5 тармағына және 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 2572-12 “Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 3 тармағына сәйкес, Іле аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Іле аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған схемалық карталарға сәйкес, төмендегі аудан елді мекендерінің шекаралары (шегі) мынадай өзгертілсін:

Чапаев ауылдық округінің Чапаев ауылы елді мекенінің шекарасына – барлығы 47,9 гектар егістік жер аумағы енгізілсін;

Байсерке ауылдық округі елді мекендерінің шекарасына барлығы 764,33 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Байсерке ауылына – 566,2 гектар, (33,5 га суармалы егістік, 49,7 га жайылым, 483,0 га басқа жерлер), Көктерек ауылына – 3,33 гектар (0,33 га суармалы егістік, 3,0 га бау-бақша), Жаңа талап ауылына – 95,0 гектар (11,3 га суармалы егістік, 59,7 га жайылым, 24,0 га тәлімі егістік), Жаңа дәуір ауылына - 69,8 гектар (32,2 га суармалы егістік, 24,6 жайылым, 13,0 га басқа жерлер) және Ынтымақ ауылына – 30,0 гектар (20,6 га суармалы егістік, 9,4 га жайылым);

Қараой ауылдық округі елді мекендерінің шекарасына барлығы 88,0 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Қараой ауылына – 28,0 гектар (4,3 га жайылым, 23,7 га басқа жерлер), Тлендиев ауылына – 33,5 гектар (4,0 га жайылым, 29,5 га басқа жерлер) және Қосөзен ауылына - 26,5 гектар (11,3 га суармалы егістік, 10,6 га жайылым, 4,6 га б а с қ а ж е р л е р ) ;

Энергетик кенттік округі елді мекендерінің шекарасына барлығы 474,5 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Өтеген батыр кентіне – 377,0 га егістік жер, Қарасу ауылына – 12,5 га жайылым, Покровка ауылына – 85,0 га.

2. “Іле аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі” мемлекеттік мекемесі (Құдайбергенов Н.К.) қосылған жер учаскелеріне белгіленген тәртіппен қала құрылыс қ ұ ж а т т а р ы н да й ы н д а с ы н .

3. Жер учаскелері бөлінеді деп танылсын.

4. Сервитутпен ауыртпашылықтары – жер учаскелері арқылы жаяу жүріп өту, көлікпен жүріп өту және коммуникациялардың барлық түріне кіру құқығы қамтамасыз етілсін.

5. “Іле аудандық жер қатыныстары бөлімі” мемлекеттік мекемесі (Өшіров Қ.Б.) қолданылып жүрген есеп құжаттамаларына өзгертулер енгізілсін.

6. Осы бірлескен шешімнің орындалуына бақылау жасау бюджет, әлеуметтік - экономикалық даму, көлік, құрылыс, байланыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Карпов Д.П.) және аудан әкімінің орынбасарларына (Файль В.А., Садуақасов А.С.) тапсырылсын.

7. Осы бірлескен шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат*  
*сессиясының төрайымы* *Түстүкбаева А.*

*Аудандық мәслихат хатшысы* *Ыдрышева Ф.*

*Іле ауданының әкімі* *Логутов Н.*

**Іле ауданы Чапаев ауылының шекарасын өзгерту ЖОСПАРЫ**

*РҚАО ескертуі: схеманың қағаз нұсқасын Алматы қ. қараңыз*

**Іле ауданы Байсерке, Көктерек ауылдарының шекарасын өзгерту ЖОСПАРЫ**

*РҚАО ескертуі: схеманың қағаз нұсқасын Алматы қ. қараңыз*

**Іле ауданы Жаңа талап, Жаңа дәуір, Ынтымақ ауылдарының шекарасын өзгерту ЖОСПАРЫ**

*РҚАО ескертуі: схеманың қағаз нұсқасын Алматы қ. қараңыз*

**Іле ауданы Қараой, Тлендиев, Қосөзен ауылдарының шекарасын өзгерту ЖОСПАРЫ**

*РҚАО ескертуі: схеманың қағаз нұсқасын Алматы қ. қараңыз*

**Іле ауданы Энергетик кенттік округінің Өтеген батыр кенті, Қарасу, Покровка**

**ауылдарының  
ЖОСПАРЫ**

**шекарасын**

**өзгерту**

*РҚАО ескертуі: схеманың қағаз нұсқасын Алматы қ. қараңыз*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК